# ҰСТАЗ МЕРЕЙІ

Әке жағынан текті ата кіші жүздің Алшыны, шеше жағынан - нағашы боп келетін ақын Жәкен Байтуовтың жиені. Тал бойында туған жері Талдының топырақтық қасиеті және бар Бауыржан Төлеуғазыұлының ең басты өмірлік мақсаты - ұлтқа қызмет ету. Сол ұлттың ұрпағына тәлім-тәрбие беріп, ел болашағын өркендету. Осылай кешегі алаш арыстарының аманатын арқалаған бүгінгі біздің Бауыржан ұстаздық қызмет етіп жүр. Сонау бала-уса балғын жылдарында Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік университетінің филология факультетінде оқыды. Алғашқы еңбек жолын Саран қалалық мектебінде бастады. 1998-2003 жылдар аралығында Сарандағы білім ұясынан үлкен тәжірибе жинақтап, бұрын өзі оқыған ҚарМУ-іне қайта келіп магис-тратураға түседі. Оны тәмамдап, өзінен кейінгі толқынға сабақ бере жүріп, деканның тәрбие жөніндегі орынбасары да болды. Аталмыш университеттің және Қарағанды қаласының қоғамдық істеріне, мәдени өміріне белсене араласты. Білім мен ғылымға терең бойлап, өнерді өзіне серік еткен Бауыржанның біраз жылдары осы ҚарМУ-де өтті. Жалындаған жастық шағын қарашаңырақ - Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде қалдырды...

Өмір деген кейде аяқ астынан өзгереді ғой. Жап-жақсы жұмысын істеп, болашағына үлкен жоспар құра бастаған Бауыржанды, нағашысы ақын Жәкен Байтуов туралы енді-енді зерттей бастаған зерделі жас ғалымды бірде ауылдағы анасы өзіне шақырып, қасында болуын қалайды. Ананың ақ тілегі һәм туған жердің тарты-



лыс заңы тартты ма, әйтеуір, білдей бір университет үміт күткен Бауыржанымыз ауылынан бір-ақ шықты. Сонан бері туған жерінде өзі оқыған мектебінде еселі еңбек етіп келеді. Педагогтік тәжірибені молынан жинақтап, ұлағатты ұстаз атану үшін әр-әр жердің әдіс-тәсілі де керек шығар. Осынау ұстаздық еңбек өтіліне 25 жылдай уақыт болыпты. Бүгінде Шет ауданына қарасты Талды мектебінде қызмет етіп жүрген Бауыржан Рысбековтің ерен еңбегін өз ауылы, өзінің бірге еңбек етіп жүрген ұжымы да өте бағалап, құрметтеп-сыйлайды. Соның бір көрінісі болар - Бауыржан осының алдында біраз уақыт мектеп директорының уақытша міндетін атқарушы да болыпты. Қазір мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары ретінде жемісті еңбек етуде. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Қашанда ана тіліміздің жанашыры, ұлттық руханияттың Шет ауданы аймағындағы қызғыш құсының біріне айналған Бауыржанның сонау бір жылдары Талды ауылы туралы кітабы да шыққан. Шет аудандық газеттерінде, Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» басылымында шыққан мақалаларымен де оқырман қауым жақсы таныс. Жарық көрген біршама өлеңдері де бар. Шет аудандық, Қарағанды облыстық, қалалық әкімшіліктерінен, оқу бөлімі басшыларының бірнеше Алғыс хат, грамоталармен марапатталуы да Бауыржанның тиянақты еңбегінің нәтижесі болар. Өмірлік серігі Рымкүл де өзімен бірге мектепте ұстаздық қызмет атқарады. Ерлі-зайыпты екеуі де филолог, қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімдері. Еселі еңбектерімен қатар, ауылдағы үлгілі отбасылардың бірі. Жанұяларында бір ұл, бір қызды тәрбиелеп, сол екі балапанның болашағына көп көңілдерін бөлуде. Сөз соңында, жылда қазан айының басында дәстүрлі түрде келетін Ұстаздар мерекесімен Бауыржан Төлеуғазыұлы Рысбековті және бірге еңбек етіп жүрген ұжымдарындағы барша ұстаздар қауымын кәсіби мерекелерімен құттықтаймыз. Сіздерге әрқашанда зор денсаулық, мол бақыт және еңбектеріңізге шығармашылық сәттіліктер тілейміз!

**С.ЖОСАЛБАЙ.**

**Шет шұғыласы,2024.-3 қазан (№40).-5 б**.